

А.Ә. Рыскиева , Е. Қалмұрат* 

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: Kalmurat.yestay@gmail.com

ӘЛИ ШАРИАТИ МЕН ГЕЙДАР ЖАМАЛДЫҢ СОЛШЫЛ ИДЕЯЛАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақала ислам марксизмі бағытының өкілдері Иран ислам революциясы идеологы, ойшыл Әли Шариати мен ресейлік мұсылмандық, орыс әлемі мен ислам әлемі одақтастығына қатысты ойлардың иесі, исламшыл Гейдар Жамалдың солшыл діни идеяларына салыстырмалы талдауға арналған. Мақаланың мақсаты әлеуметтік теңсіздік орнаған, наразылық көңіл күйі жоғары Қазақстан сияқты ел үшін діннің саясиленуі, діни лозунгтар арқылы революция мен әсіресолшыл идеяларды негіздеудің потенциал қаупіне назар аудару, өйткені, мұндай тенденциялардың даму ықтималдығына негіз жоқ емес. 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы мемлекеттің әлеуметтік саясатының катастрофалық сәтсіздігін паш етті. Аталған тұрақсыздық жағдайында қандай идеялар саяси төңкеріске діни легитимділік беріп, саяси мобилизацияға жол ашпақ? Мақала Иран ислам революциясына негіз болған шетін идеялар тек шиғалық орта үшін емес, өзін суннилік бағытқа жатқызатын сенушілер үшін де тартымды бола алады деген тұжырымды негізге алады. Себебі революцияға діни платформа қызметін атқарған шиға теологиясының көптеген элементін трансформациялап, конфессионал нейтрал идеология жасауға ұмтылған Гейдар Жамалдың идеялары орыстiлдi ақпараттық кеңiстiкте танымал екенi жасырын емес. Аталған ақпараттық кеңістіктің мүшесі ретінде, Қазақстанда да мұндай идеялар таралу ықтималдығы бар. Сондықтан мемлекеттің тұрақтылығы үшін мұндай ойларға ғылыми талдау жасау аса маңызды болмақ.

Түйін сөздер: Әли Шариати, Гейдар Жамал, революция, ислам марксизмі, Иран Ислам революциясы.

A. Ryskiyeva, Y. Kalmurat*

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: Kalmurat.yestay@gmail.com

Comparative analysis of the leftist ideas of Ali Shariati and Geydar Dzhemal

The article provides a comparative analysis of the left-wing religious ideas of representatives of Islamic Marxism: the ideologist of the Iranian Islamic revolution, thinker Ali Shariati and the Islamist Geydar Dzhemal, the owner of the ideas of the Russian-Muslim world and the political integration of the Russian and Muslim worlds. The purpose of the article is to draw attention to the potential danger of politicizing religion, justifying revolution and far-left ideas through religious slogans for a country like Kazakhstan, where there is a huge social inequality and high protest sentiments. Therefore, there is no reason to deny such an opportunity for our country. The January protests of 2022 revealed the catastrophic failure of the state's social policy. In our context of instability, what ideas will give religious legitimacy to political revolution and pave the way for a political mobilization? The article is based on the conclusion that the extreme ideas that formed the basis of the Islamic revolution in Iran can be attractive not only to the Shiite environment, but also to believers who identify themselves as Sunnis. There is no secret that the ideas of Geydar Dzhemal are popular in the Russian-language information space, who transformed many elements of protest Shiite theology, which served as the religious platform of the revolution, and sought to create a confessionally neutral ideology. Being a member of the mentioned information space, there is a possibility that such ideas will spread in Kazakhstan. Thus, scientific analysis of such thoughts is very important to ensure the stability of the state.

Key words: Ali Shariati, Geydar Dzhemal, revolution, Islamic Marxism, Iranian Islamic revolution.

А.А. Рыскиева, Е. Калмурат*

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: Kalmurat.yestay@gmail.com

Сравнительный анализ левых идей Али Шариати и Гейдара Джемаля

В статье проводится сравнительный анализ левых религиозных идей представителей исламского марксизма: идеолога иранской исламской революции, мыслителя Али Шариати и исламиста Гейдара Джемаля, представителя мысля русского мусульманского мира, союза русского и мусульманского миров. Цель статьи – привлечь внимание к потенциальной опасности политизации религии, оправдания революции и крайне левых идей через религиозные лозунги для такой страны, как Казахстан, где огромное социальное неравенство и высоки протестные настроения. Поэтому нет никаких оснований для отрицания такой возможности для нашей страны. Январские события 2022 года выявил катастрофический провал социальной политики государства. Какие идеи в нашем контексте нестабильности придадут религиозную легитимность политической революции и проложат путь к политической мобилизации? В основе статьи лежит вывод о том, что крайние идеи, которые легли в основу исламской революции в Иране, могут быть привлекательны не только для шиитской среды, но и для верующих, идентифицирующих себя как сунниты. Не секрет, что в русскоязычном информационном пространстве популярны идеи Гейдара Джемаля, который трансформировал многие элементы протестной шиитской теологии, послужившей религиозной платформой революции, и стремился создать конфессионально нейтральную идеологию. Будучи членом упомянутого информационного пространства, есть вероятность, что подобные идеи получат распространение в Казахстане. Поэтому научный анализ подобных мыслей очень важен для обеспечения стабильности государства.

Ключевые слова: Али Шариати, Гейдар Джемаль, революция, исламский марксизм, иранская исламская революция.

Кіріспе

Әли Шариати (1933-1977) – ХХ ғасырдағы мұсылман реформаты, Иран ислам революциясының бас идеологтарының бірі. Оның есімі Абдух, Иқбал және Фазлур Рахман сияқты ойшылдардың есімімен қатар аталып жатады. Сонымен бірге 1978-79 жылдағы революцияның аятолла Хомейнимен қатар ықпалды идеологы болды. Дегенмен, Әли Шариатидің философиялық мұрасын зерделеп қарайтын болсақ, онда солшыл марксизмнің, батыс философиясындағы экзистенциализм мен Фанон сияқты антиколониализм ойшылдарының да зор ықпалын көруге болады. Шариати осындай бай философиялық тұжырымдарды қорытып, шиғалық тұғырға негізделген революциялық идеологияны жасаған. Батыс философиясының, әсіресе, марксизмнің пролетариат пен буржуазия, тапсыз қоғам мен капиталистік қанау сияқты ұғымдарын ислам түсініктерімен байланыстыруға ұмтылады. Дәстүрлі шиға теологтарының отбасынан шыққан ол Францияда білім алып, докторлық диссертация қорғаған. Иранға оралғаннан кейін, революцияға дейінгі шах режимінің зайырлы батысшыл режимінің шиғалық символиканы, теологияны шеттетуге ұмтылуы салдарынан туған діни легитимділік кризисін тиімді пайдаланып,

жаппай мобилизация мен төңкерісті насихаттайды. Шариати ой-пікірін саралай отыра, оның орыстілді ақпараттық кеңістігінде аса танымал Гейдар Жамалға терең ықпал еткенін аңғарамыз. Мақалада қарастырылғалы отырған «қызыл шиға» концепциясы Шариати философиясының негізгі идеялық ядросы деп тұжырымдауға болады.

Гейдар Жамал (1947-2016) – әзірбайжан-орыс отбасында өмірге келіп, Ресейде «Ресейлік ислам комитетінің» негізін қалаған саясаткер, философ. Бозбала кезінен бірқатар әсірешетін саяси, оккульттік-мистикалық ұйымдарда мүшелікте болып, ресейлік оңшыл радикал ұлтшылдықтың басты идеологы Александр Дугинмен жақын қарым-қатынаста болған. Кейіннен Совет одағы құлағаннан кейін Тәжікстандағы исламистік топтарды қолдап, Ресей саяси истэблшментіне мұсылман халықтарының мүддесін қорғауға бағытталған саяси партияларға мүше болды. Г. Жамал орыстілді ақпараттық кеңістікте танымал тұлға еді. Ресейдің басты мемлекеттік арналардың тұрақты қонағы болып, «Вечер с Владимиром Соловьевым», «Познер» сияқты бағдарламаларда қонақ спикер болған. Құбылмалы, қарама-қайшылықты ғұмырбаян иесі Г. Жамалдың саяси ойлары мен философиялық тұжырымдамалары да соншалықты кереғар, экстравагантты, тіпті, кей тұстарында

арандатушылық сипатқа ие. Ол шиға реформаты Әли Шариати мен ирандық ислам революциясынан әсерленіп, өзінің идеяларында Шариатидің солшыл идеялары мен ирандық революцияны дәріптейді. Мұсылмандық сенімде шиғалық бағытты ұстанғаны жайлы ақпараттар болғанына қарамастан, өзінің екі бағытта да қолдамайтынын айтып, әрі мұндай бөліністің орынсыздығын алға тартқан.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Мақала діннің революциялық идеология ретінде ықпалын талдау тұрғысынан аса өзекті. Авторлар әлеуметтік мәселелері қордаланып, халық арасында наразылық деңгейі өршіп тұрған еліміз үшін кез келген потенциал дестабилизация факторының ғылыми тұрғыда талдануын маңызды деп есептейді. Осындай жағдайда бірден көзге түсе бермейтін құбылыс – діннің саясиленуі. Сол себепті аталған мақалада аталған факторды ислам марксисті атанған Әли Шариати идеологиясы мен оның Иран ислам революциясына ықпалы және Гейдар Жамалдың одан конфессиялық нейтрал идеология жасауы тұрғысынан саралап, компаративистік талдауға талпыныс жасалған.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада тарихи-ретроспектив талдау, салыстырмалы талдау, SWOT-талдау және каузал талдау әдістеріне сүйенеміз.

Шариатидің тұлғалық болмысының қалыптасуы: Ирандағы саяси-әлеуметтік ахуал

Әли Шариати – мұсылман реформаторы, нақтырақ айтқанда, «Қазіргі ислам ақыл-ойы: тарихы мен басты парадигмалары» (Тасболат 2020: 90) мақаласында атап көрсетілген исламды қайта жаңғырту (*islamic revival*) бағытына тән ойшыл. Оның өмір жолын зерделесе, атасы шиға теологы, әкесі дәстүрлі шиға доктринасының жақтаушысы, әрі насихатшысы болғанын көреміз. Шиғаның түбірлі идеялық доктриналарымен жастайынан сусындап өскен ол, Францияда білім алып, батыс философиясындағы марксизм мен экзистенциализм бағыттарына қызығушылық танытқан. Батыс философиясын зерттеумен бірге, экзистенциализм бағытының көрнекті ойшылы Жан Поль Сартрмен жеке таныс болғаны белгілі. XX ғасырдың бас философтарының бірі саналатын Сартр «Қандай

да бір дінді ұстанған болсам, ол Шариатидің діні болар еді» деген жылы лебізін де білдірген. Сонымен бірге ол алжирлік антиколониалист ойшыл Фанонның еңбектерімен терең танысып, парсы тіліне аударғаны және жақын байланыста болғаны белгілі (Witzler 2010: 1-3).

Шариати философиясын түсіну үшін жоғарыда аталған екі ұстынның оның өмірі мен ой-пікіріне әсерін бағамдай алуымыз керек. Бір тарапта шиғалық доктрина мен ирандық ұлттық идентификация болса, екінші тарапта экзистенциализм мен марксизмнің синтезінен туған батыс философиясының кешенді проблемалары Шариати дүниетанымының іргетасын біріге қалады. Нәтижесінде, мұсылман реформаты, солшыл радикал шиға ойшылы пайда болды.

Шариати сынды ойшылдардың тарих сахнасына шығуын жалпы ислам әлеміндегі XIX-XX ғасырда орын алған процестер мен жеке-кейіран мемлекетіндегі орын алған саяси-экономикалық ахуалдың ретроспективалық дамуын талдауымыз керек. Ибраһимдік діндердегі фундаментализм феноменін зерттеген Карен Армстронг «The Battle for God: Fundamentalism in Judaism, Christianity and Islam» еңбегінде модернизацияның радикал діндерлік өршуіндегі рөлін айқындайды (Армстронг 2020). Индустриаландырудың салдарынан аграрлы экономика негіздері қарқынды күйреп, қоғамның күрделі саяси-әлеуметтік трансформацияға ұшырауы адамдардың ертеңгі күнге деген сенімдеріне селкеу түсірді. Ғасырлар бойы қалыптасқан институттар дестабилизацияға ұшырап, адамдар сүйеніш ретінде дінге көбірек иек арта бастады. Болашақтың бұлыңғырлығы мен дәстүрлі өмір салтының бұзылуы адамдарда апокалипсис сезімін туындатып, діндерлік қатаң формалары күшіне мінді (Армстронг 2020). Ал мұсылман әлеміндегі ахуал тіптен шиеленісе түсті. Батыс әлемінде индустриаландыру іштен шыққан жетістік болса, мұсылман әлеміне ғылыми-техникалық прогресс батыс колониал күштерімен қатар келді (Тасболат 2020: 90). Осыған сәйкес, модернизация мен вестернизацияның аражігі әрдайым ажыратыла бермеді. Саяси-экономикалық модернизация, атап айтқанда, орталықтандырылған ұлттық мемлекеттер құру, адам құқықтары тұрғысынан этникалық, конфессиялық және жыныстық қатыстылыққа қарамай тең құқықтарға жол ашу, аграрлы экономикадан индустриал экономикаға көшу секілді күн тәртібіндегі мәселелер мұсылман әлемі үшін импершіл батыстың

отарлау құралдары болып көрінді. Осылайша, мұсылман әлемінің аутенттілігін басшылыққа алатын түрлі діни-саяси қозғалыстар пайда болды. Олардың алды уаһабилік сияқты ультраконсерватив фундаменталистер болса, мұсылмандық айдентика пен вестернизацияны ұштастыруға бағытталған модернизм өкілдері де осы кезеңдегі үдерістердің жемісі (Esposito 1995: 49). Сонымен қатар мұсылмандық айдентика пен діни идеологияға негізделген ұлт-азаттық қозғалыстардан бастап, Латын Америкасындағы азаттық теологиясының ислами баламасы деуге саятын мұсылмандық марксизм өкілдерін де тарих сахнасына шығарды. Шариати бұл тізімдегі соңғы категорияға барынша сай келеді.

Иранда Қажар әулетінің билігі құлағаннан кейін Пехлеви әулеті шахтық тұғырға келді. Иран де-юре батыс отары болмағанына қарамастан, бұл кезеңде іс жүзінде әуелі Ұлыбритания, кейін АҚШ ықпалындағы ел болды (Esposito 1988: 126). Шах режимі саяси-экономикалық модернизациямен қатар, қарқынды вестернизация жүргізіп, Мұстафа Кемал Ататүріктің жолын қайталағысы келді. Жер өндіру ісінде шетелдік технологияларды импорттап, урбанизация деңгейін көтеруді мақсат тұтты. Дегенмен елдегі асқынған жемқорлық масштабты реформалардың лозунг күйінде қалуына әкеп соқтырды. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, революцияға дейінгі Иранда әлі де сауаттылық деңгейі төмен, жұмыссыздық жоғары болған аграрлы ел күйінде қалғанын көреміз (Esposito 1988: 130-131). Алайда елдегі күрделі ахуалды ескергісі, елегісі келмеген режим наразылық көңіл-күйдің біртіндеп революциялық көңіл-күйге ауысқанын байқамады. 1953 жылғы төңкерістен кейін шах билікке оралды. Дегенмен оның осы бір ауыр оқиғадан оң қорытынды жасай алмағанын пайымдау аса қиын емес.

Халық мұнын тыңдауға құлықсыз режим ислам республикасы деп ұрандатқан революция тарапынан біржола жермен-жермен етілді. Төңкерістің діни рәміздер мен символиканы басты құрал, Хомейниді революция лидері етіп таңдауы да тегін емес еді.

Шах режимінің легитимділік дағдарысының бірнеше кешенді, күрделі себептері болды. Оның алғашқысы жайлы қысқаша тоқталып өттік. Тиімсіз менеджмент, кедейлік, халық үніне құлақ аспау сияқты саяси-әлеуметтік себептердің аса маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Аталған проблемалар қашан да режимге наразылықты өршітетіні бесенеден белгілі.

Сонымен қатар, шах режимі халық алдындағы легитимділігінен айырған тағы бір маңызды фактор – діни легитимсіздік факторы. Иран сефевилер дәуірінен бастап шиғаны ресми діни идеология ретінде қолданып келді. Сефевилер тұсында да, Қажарлар тұсында да ол шиғалық мемлекет болды деп айтуға болады. Ал шах Реза Пехлеви билігінің үлкен қателігі – осы шиға факторын көзге ілмеу болды. Біріншіден, шах режимі елде зайырлы мемлекет жариялап, шиғаны елдің саяси-әлеуметтік өмірінен бөліп тастады. Мұндай статус-кво әрдайым ықпалды институт болған шиға теологтары үшін тиімсіз еді. Екіншіден, шиғаның Иран халқының өміріндегі тарихи рөлі мойындалмай, зәрдүш дінінің символдарын қайта жаңғырту тұрғысындағы шаралар қолға алынды (Esposito 1988: 126). Үшіншіден, халық наразылығының фонында, діни лидерлерге тұсау салынды. Осылайша, Иран халқының көз алдында шах режимі антиисламшыл, антишиғалық сипатқа ие болып шыға келді. Осы себепті режимнің діни легитимділігіне түскен сызат ұлғая түсті.

Иран халқына проамерикан, жемқор, әрі тиімсіз режим тікелей батыс колониализмінің өнімі болып көрінді. Осы ахуалда Әли Шариати сынды революция насихатшылары Иран жастары үшін таптырмас идеологиялық лидер болды. Әли Шариати Францияда білім алып, 1964 жылы әлеуметтану ғылымынан докторлық диссертация қорғаған. Франциядағы өмірі мен батыс философиясымен, нақтырақ айтқанда, марксизм және экзистенциализммен танысуы – Шариати дүниетанымында шешуші рөл атқарды. Шариатиді ислам марксисті деп те атауға болады. Ол Маркстің дінді институт ретінде жоғарыдан төменге қарай бағытталған иерархиялық аппарат тұжырымын негізге алған (Witzler 2010: 15). Егер Маркс капиталистік қатынастар мен тарихи материализм арқылы діннің негіздерін сынап, оны әлеуметтік теңсіздікті институттаушы, легитимдеуші күш ретінде қарастырса, Шариати дін қызметкерлерін биліктің қолшоқпары, дінді бұрмалаушы әлеуметтік тап ретінде сипаттайды (Witzler 2010: 15). Аталған марксистік идеядан оның «қызыл шиға» концепциясы келіп туындайды.

«Қызыл шиға: шәһидтік діні, қара шиға: жоқтау діні»

Қызыл шиға концепциясы Шариати философиясының тұғыры десек артық етпейді. Шариатидің дін философиясындағы барлық

дін мен саясат, дін мен қоғам, тұлғааралық қатынастардың негіздері осы концепцияға келіп тіреледі. Автордың «Red Shi'ism: The Religion of Martyrdom, Black Shi'ism: The Religion of Mourning» есімімен жарияланған эссесінің ағылшын тіліндегі нұсқасына <http://www.shariati.com/> сайтынан қол жеткізуге болады. Көлемі шағын болғанына қарамастан, бұл эссенің автордың «Jihad and martyrdom» (Shariati 2023b), «Man and Islam» (Shariati 2023c), «Mission of a Free Thinker» (Shariati 2023d) және т.б. еңбектері мен сипаттарында баяндалған діни философиясының өзегі, квинтэссенциясы екенін бағамдауға болады.

Қызыл шиға деген не? Шариатидің пайымдауынша, бұл – шәһидтікті аңсайтын, дәріптейтін революциялық шиға. Шариати, шиғаның конфессия ретіндегі тарихын екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең – шиғаның шынайы революциялық қозғалыс, яғни, шәһидтік діні болған қызыл шиға кезеңі. Ол – өзін құрбандыққа шалудан тайынбайтын, керісінше, шәһидтікті аңсайтын діндарлық формасы. Бұл кезең сефевилер әулетінің билікке келгеніне дейін жалғасқан. Екінші кезең – шиғаның клерикал институт ретінде орнығып, шиғаның революциялық потенциалы нейтрализацияланған, инертілікке түскен кезең. Немесе, Шариати тілімен айтқанда, қара шиға – жоқтаушы діннің қалыптасқан тұсы (Shariati 2023a).

Шариатидің шиғалық тарихты бұлай бөлуіне не себеп болды? Болмаса, аталған жіктеу қандай өлшемдерге сүйенген? Шариати бұл тұста ислам дінінің идеялық өзегі болған таухид принципіне

келіп жүгінеді. Алайда, ол таухид түсінігін құдайдың бірлігіне иман идеясынан әрі апарып, оны екіге жіктейді. Шариатидің пайымдауынша, таухид пен оның антонимі ширктің ашық және жасырын түрі болады. Ашық ширк Алланың бірлігін тікелей терістеу, жоққа шығару болатын болса, жасырын ширк одан әлдеқайда қауіпті, көзге бірден көріне бермейтін сипатқа ие. Жасырын ширк – діннің ішінен туындайтын, оны ішінен ірітіп, таухид негіздерін талқандайтын құбылыс. Жасырын ширктің мәні – дін қайраткерлерінің клерикал аппаратқа айналып, жоғары билеуші таптың қарапайым халықты қанауын легитимдеуші тапқа айналуы (Джемаль 2021: 17-18). Мұндай діни аппарат халықтың қаналуын құдайдың тағдыры, сынағы ретінде сипаттап, өздерінің бостандықтары мен әділеттік үшін күресуден айнытады. Саяси және интеллектуал инертілік пен ынжықтық культі жасалып, халық қанаушы билік озбырлығының тұтқынына айналады. Дәл осы уақытта, аталған діни тап қанаушылар үшін өзге діннің, өзге құдайдың картинасын қалыптастырады. Онда құдай мейірімді, кешірімшіл және рақымды.

Осы идеяны талдай келе, А. Ежова мынадай түйін түйеді: «Ширк адамның ерік-жігері мен жауапкершілігі деген ұғымды жоққа шығарып, оның бойына әлеуметтік инертілік, саясатқа араласпау, бас шұлғушылық пен ойсыздықты сіңіруге тырысады, адамдардың бойында негізсіз қорқыныш пен надандықты қалыптастырады. Мұндай бұрмаланған дінде ресми билік пен оның мүдделеріне қызмет ететін жемқор дінбасылар шешуші рөл атқармақ» (Джемаль 2021: 18).

Шариатидің діни-саяси идеологиясына SWOT-талдау

1	2
Артықшылықтары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси мобилизация үшін тиімді, компактті идея – саяси белсенділік, шәһидтікке ұмтылу, әділетсіздікке төзімсіздік. 2. Нақты объектінің болуы – жемқор, тиімсіз шах билігі (немесе кез келген осы сипаттағы режим). 3. Мұсылман теологиясындағы таухид, ширк, жиһад пен шәһидтік сияқты ұғымдарды реконструкция жасап, таза теологиялық мағынадан арылтып, саяси рең беруі (Shariati 2023a). 4. Ислам дінінің әлеуметтік әділдікті көздейтін дін екенін алға тартып, оның инклюзив қоғам орнатудағы потенциалын паш етуі. 5. Идеологиясында шектен тыс діншілдік нышандарының болмай, жалпыға ортақ идеяларды көтеруі. Мұсылмандарды емес, езілгендерді жұмылдыруға фокус беруі. 6. Антибатысшыл, антиколониал риториканы тиімді пайдалануы.
Әлсіз тұстары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Діни легитимділік жетіспеушілігі. Шариатидің теолог болмауы, дәстүрлі діни білімінің болмауы (Witzler 2010: 1-3). 2. Төңкерістен кейінгі қоғамға ұсынатын нақты идеясы, саяси курсы мен саяси институттарының эскиздік моделінің жоқтығы. 3. Дәстүрлі шиға институтынан алыстығы, олардың өкілдерімен конфронтацияда болуы. 4. Идеологияның шектеулілігі: ХХ ғасырдың аяғындағы Ирандағы ахуал мен шиғалық кеңістік. 5. Әсіре сілтеушілік пен өшпенділіктің болуы. 6. Утопияшылдықтың басымдығы.

1	2
Мүмкіндіктері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғамның саясаттан алыс діндар бөлігін белсендіруі. 2. Әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті талап етуші азаматтық қоғамның қалыптасуына атсалысуы. 3. Әлеуметтік мемлекет қалыптасуына ықпал етуі. 4. Тиімсіз, жемқор режимді биліктен тайдыру мүмкіндігі. 5. Ұлт қалыптастыру процесіне діни легитимділік беруі.
Қауіп-қатерлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өшпенділік пен экстремизмнің өршуіне алып келу. 2. Саяси институттарға шектен тыс салмақ түсіру. 3. Халықты қисынсыз мобилизациялау және мемлекеттік құрылымды дестабилизациялау. 4. Діни категорияларды шектен тыс қолданып, халықты утопияға иландыру. 5. Өлім құлты мен шәһидтікті шектен тыс дәріптеп, сакрализациялау. 6. Зайырлы ел жағдайында дінді саясиландыру. 7. Діни революцияны шетелдерге экспорттау.

Гейдар Жамалдың тұлғалық болмысының қалыптасуы: оккульттік-мистикалық және әсіреоңшыл бэкграунд

Гейдар Жахидұлы Жамал – ресейлік саяси қайраткер, философ. Өзірбайжан-орыс отбасында Мәскеуде дүниеге келген. Әкесі – Жахид Жамал, Суриков атындағы Мәскеу көркемсурет институтын суретші мамандығы бойынша тәмамдап, КСРО Суретшілер одағының мүшесі болған. Мәскеу сәулет институтында және содан кейін Строгановқада дәріс оқыған. Атасы алдымен Закавказье республикасы НКВД-да бандитизмге қарсы күрес бөлімін басқарып, Ұлы Отан соғысы кезінде Қарабақ әскери комиссары, кейін Өзірбайжан КСР Жоғарғы Сотының төрағасы болған (Леско 2009). Анасы – кәсіби шабандоз Ирина Леонидовна Шаповалова. Ол – классикалық неміс философиясының профессоры, Малый Театрдың директоры (Sibgatullina 2017: 220) Леонид Шаповаловтың қызы. Гейдардың батыс философиясы, соның ішінде, неміс философиясымен терең таныстығы нағашы атасымен байланысты. Сондай-ақ, оның құрметіне ашылған некролог-сайтта Шаповаловтың КСРО мәдениет министрінің орынбасары болғаны айтылған (Двамал 2012). Осылайша, Г. Жамалдың, әкесі жағынан өзірбайжан, әрі мұсылман болғанына қарамастан, оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да аталары КСРО-ға адал еңбек еткен адамдар болғанын көреміз. Осы себепті де, ол өз өмірі мен идеяларын аталған екі бағытты – мұсылмандық пен ресейлік бірегейлікті (аталмыш ұғымдар ассимметриялы болғанына қарамастан, мұсылман Ресей және Ресей-ислам әлемі қатынастары Г. Жамал тұжырымдарында орталық мәнге ие) – қатар ұстауға, қажет болса, синтездеуге талпынғанын көруге болады. Мысалы, Г. Жамал өзі негізін қалаған Ресей

ислам комитеті (Исламский комитет России) сайтында өзін жақын болашақтағы ресейліктің мысалы: орыстілді мұсылман, ислами Ресей патриоты деп сипаттайды (Mukhamiatov 2008) (сайт қазіргі таңда жұмыс жасамайды). Аталған мәлімдемедегі «орыстілді мұсылман», «ислами Ресей» тіркестерінен оның Ресейдің исламдануын қалайтынын аңғаруға болады. Осы себепті, Г. Жамал – барынша даулы, жеке ұстанымдары түрлі идеялар мен философиялық бағыттардан құралған саяси фигура деп айтуға негіз бар. Танымал француз-американ ғалымы, Ресей мен Орталық Азия елдерін зерттеуші Марлен Ларюэль оны «ресейлік фашист, сунни сәлафилікті қолдаушы, Еуразияшылдық бағытындағы геосаяси ойшыл және ислам марксисті» ретінде сипаттайды (Laguette 2016: 81). Бұл бағыттарға жеке-жеке тоқталып өтуге болады.

1965 жылы Шаповаловтың көмегімен, Гейдар Жахидұлы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтына түседі. Алайда, көп ұзамай «буржуазиялық ұлтшылдықты» насихаттады деп айыпталып, университеттен шығарылады (Chelnokov 2012). Осы тұстағы Г. Жамал мен оның Александр Дугин, Юрий Мамлеев сияқты пікірлестерінің ерте кезең қарым-қатынастарына журналистік зерттеу жүргізген Алексей Челноков Гейдар Жамалдың жоғарыда аталған тұлғалармен бірге кейін эзотерикалық топтарда болып, нацистік Германия идеологтарына қызығушылық танытқанына назар аударады. А. Челноковтың пайымдауынша, студент Гейдардың оқудан шығарылу астарында оның нацистік әсіреоңшыл идеяларға бейім болғаны себеп болуы мүмкін. Ол Г. Жамалдың кейіннен Евгений Головин және кейін орыс әлемі (русский мир) идеясымен танылған Александр Дугинмен бірге (болжалды түрде) нацистік Германияның СС дивизиясының

құрметіне аталған «Қара орден СС» ұйымына мүше болғанын мысалға келтіреді (Pribylovskii 1998: 41). А. Челноков, сондай-ақ, Г. Жамалдың Юрий Мамлеевтің «Шизоидтық жасырын тобында» (шизоидное подполье) болып, Ю. Мамлеев арқылы кейін Е. Головинмен танысқанын айтады (Челноков 1997).

Жоғарыда аталған күмәнді байланыстар мен радикал идеялардың ортасында жүру, ерте жастан Батыс философиясымен терең танысу Г. Жамалдың тұлғалық болмысына үлкен ықпал етеді. Г. Жамал кейіннен Ресей тарихы мен мәдениетіне, Батыс елдерінің тарихы мен философиясына қатысты білімін Әли Шариати ойларымен синтездеп, өзіндік бағыт қалыптастырғанын көреміз.

Гейдар Жамалдың орыс оңшыл неофашисті, қазіргі Ресей империализмінің идеологы Александр Дугинмен байланыстары мұнымен аяқталмайды. Олар Иран Ислам республикасы «кіші Шайтан» деп таныған КСРО ыдырағаннан кейін, Ресей мен Иран арасындағы қалпына келтіру бойынша «рухани легитимизация» жасағаны белгілі (Sibgatullina 2017: 222). Өйткені, А. Дугиннің ұстанымы бойынша, православ христиандығы шиғалық исламға жақын (Dugin 1995). Г. Жамал Ресей, қажет болса, Таяу Шығыстағы саяси балансты қалпына келтіру үшін Иранға Израильге қарсы ядролық бомба жасауға көмектесуі керек деп мәлімдейді (Dzhemal' 1999). Г. Жамал мен А. Дугин Израильді Батыстың аталған аймақтағы колониал фортысты деп есептеген (Shlapentokh 2008: 42). Олардың А. Дугинмен ортақ ұстанымы неоеуразиялық моделінде де тоғысады. Ресей құлдырау кезеңіндегі Батыс пен Атлант әлемін, соның ішінде, импершіл АҚШ-қа қарсы балама жаһандық геосаяси күш бола білуі керек (Shlapentokh 2007). Гейдар Жамалдың ресейлік фашизм мен неоеуразиялықпен байланысы осындай.

Гейдар Жамалдың «ислами проекті»

М. Ларюэль айтқан сунни сәлафилігі мен мен ислам марксизміне келер болсақ, бұл жақта да Г. Жамалдың бір ғана идеялық бағытқа тән емес екенін көру қиын емес. Г. Жамалдың бұған дейінгі бэкграундынан ислами ықпалды кездестірмейміз. Оның ешқандай діни-теологиялық білім алмағаны белгілі, әрі жастық шағында қандай да бір діни топтарда болғаны туралы еш мәлімет кездестірмейміз. Сондай-ақ, Әли Шаритимен ерекше ұқсас тұсы –

діни мазмұннан толық ада идеяларды (Шариати жағдайында – марксизм, Жамал жағдайында – Еуразияшылдық) бірнеше діни түсініктерді реконструкция жасап, діни жамылғы жабу арқылы оған ислами сипат беруге ұмтылуы. Біздің пайымдауымызша, Гейдар Джахидовичтің исламға күрт бет бұрып, ислаμισік идеяларға бағыт алуына себеп болған оқиға – 1978-1979 жылғы Иран ислам революциясы. Аталған маңызды нүктеге дейін Г. Жамал өзінің әсірешетін идеяларға деген симпатиясын неофашистік орталарда болу арқылы қанағаттандырса, кейін ислам марксизмі, Әли Шариати және Аятолла Хомейни ойлары арқылы біржола діни-саяси солшыл бағытқа бұрса керек. Бұл жайлы, нидерландтық зерттеуші М. Кемпер мен Г. Сигбатуллина былай деп көрсетеді: «Жамалдың саяси-философиялық шығармаларындағы өзгерістер таңғаларлық және түсініксіз болса да, ол 1990 жылы шағын эсселерде өзінің жеке дискурсының орталық элементтерін тұжырымдап үлгерді: Ресей мен Батыстағы ағартушылық ой-пікірдің және мультикультурализмнің рухани сәтсіздігі; жаһандық қаржы секторының әлемдегі үстемдігі; Ресейдің АҚШ-қа қарсы тұру қажеттілігі; және Батысқа қарсы Ресейдің одақтасы ретінде радикал исламдық саяси теологияға баса назар аудару... Ирандағы Хомейни, Ауғанстандағы моджахедтердің алпауыт державалардың әлсіздігін көрсетуі. (Laruelle 2016: 225) Біздің пайымдауымызша, 1979-1990 жылдары аралығында ол өз идеяларын қайта бағамдап, оны белсенді түрде исламизация жасаған болса керек. Шартты түрде, революцияға дейінгі кезеңді Г. Жамал діни-саяси ойының қалыптасуындағы алғашқы кезең деп айтуға болады.

Аталған маңызды факторға қосымша салмақ берген маңызды саяси оқиға – Совет одағының ыдырауы. Еуразияның қақ ортасында б тәуелсіз мұсылман мемлекетінің пайда болуы Г. Жамалдың ислам әлемінің саяси позициясын күшейте түсуі мен орыс-мұсылман, православ-мұсылман байланыстарын нығайту үшін таптырмас мүмкіндік еді. Алайда жоғарыда атап өткеніміздей, ол радикал исламизм өкілдерімен көбірек байланыста болды. Тәжікстанда азаматтық соғысы басталғанда Г. Жамал Тәжікстанның ислами қайта жаңғыру партиясы экстремистік ұйымына (ҚР-да тыйым салынған) қосылады (Shlapentokh 2008: 35). Оған қоса, аталған ұйымның негізін қалаушылардың бірі Давлот Усмонның кеңесшісі болған (Laurinavicius 2015). Г. Жамал идеялары

қалыптасуының екінші кезеңі 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі әйгілі теракт болғанға дейін жалғасты.

Г. Жамал Шариатидің сунниттікті айыптаудағы бірқатар идеяларына қосылып, дәстүрлі шиғалық теологияға тән жасырын имам сияқты ұғымдарды қолданады. Автордың тұжырымдауына, сунниттік пен шиғалық ислам өркениетінің әртүрлі тарихи мақсаттарын жүзеге асырған (Dzhemal' 1999: 3). Ондағы агрессив антисунниттік риториканы жұмсартып, Әли Шариатидің революциялық ойларын нейтрал мұсылмандық идеологияға айналдыруға тырысады. Г. Жамалдың айтуынша, барлық пайғамбарлар – революционерлер, ал шынайы таухидті сақтаған ибраһимдік дәстүрдің мақсаты – қоғамда адам табиғатының әлсіздігінен туындайтын отыратын әлеуметтік теңсіздік пен таптық қанаушылыққа қарсы бой көтеріп, статус-квоны өзгерту (Dzhemal' 1999: 9-14). Бұл тұста Г. Жамал ешқандай принципті жана идея тудырмағанын, керісінше, Әли Шариатидің қызыл шиға концепциясын басқаша тұжырымдап насихаттағанын көруге болады.

Алайда, АҚШ-тағы терактілерден кейін, ол бірден конспирологиялық теорияларға бой алдырады. Ол терактілерді Варшава келісінде болған, қазір ыдырап кеткен мемлекет АҚШ қауіпсіздік ұйымдарымен бірлесе отырып жүзеге асырды деген пікір айтады.

Оның пайымдауына, адамзатты құтқарып, құрдымға кетуден тоқтата алатын жалғыз күш – «ислам проекті». Сонымен бірге өзінің ислам проекті мен жаһандық революцияның тәртібі ретінде де әлемдік үкіметке басты назар аударады. Мұнымен тоқтамай, әлгі терактілерді ұйымдастырған әлемдік үкімет марионеткаларын жаһандық солшыл шарифат сотына тартылатындарын айтып, утопияға бой алдырады (Dzhemal' 1999).

Уаһхабилік-сәләфилік бағытты православиедегі қайта жаңғыру қозғалысымен салыстырып, оны негіздерге қайтып оралу деп сипаттайды. Ислам модернизмін «масондық-либералдық ислам», «ислам әлеміндегі поповщина» деп анықтама береді. Сондай-ақ, сенім әр адамның жеке ісі бола алмайтынын, толеранттылық пен плюрализмді римдік астамшылық (римская вседозволенность) деп айыптап, (діни) сенім агрессив, оффенсив болмаса, онда оның сенім емес екенін айтады (Dzhemal' 1999: 17).

Шетін, төңкерісті насихаттайтын, конспирологиялық теорияларға толы Г. Жамал философиясын оның кейбір шәкірттері әл-Фараби мен Ғазалидің деңгейіндегі ойшыл деп баға берген. Дінді халықты революцияға шақырып, саяси мобилизация құралы ретінде пайдаланды көздейтін Гейдар Жамал ойларына ғылыми талдау жасау – дінді саясиландырудағы қатерлі тенденциялардың алдын алуда да аса өзекті.

Жамалдың діни-саяси идеологиясына SWOT-талдау

1	2
Артықшылықтары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шиғалық элементтермен шектелмей, универсал мұсылман идеологиясын жасау талпынысы. 2. Ислам тарихына қатысты агрессияның аздығы. Мысалы, Әли Шариати «Қызыл шиға: шәһидтік діні, қара шиға: жоқтау діні» шағын эссесінде шиғалықты «...Шиға «жоқ!» деген сөзбен бастайды. Ол тарих таңдаған жол мен тарихтың өзіне қарсы шығады... Шиғалар тарихи үстемдікке ие болған жолды таңдамайды! Олар тарихты иемденіп, өздерінің туралықты екеніне өзгелерді иландырғандардың соңынан ермейді... Шиғалар халифтердің сәнді сарайлары мен салтанатты мешіттерінен теріс айналып, Фатиманың жалғызсырап тұрған кішкентай лашығына бет бұрады» (Shariati 2023a) деп сунни-шиға тартысын компромисс болуы мүмкін емес ақ пен қараның, ақиқат пен жалғанның қақтығысы етіп сипаттайды. Оның тұжырымында, сунниттік узурпатор халифтер мен олардың дінді қолшоқпар етіп, қанаушылықтың құралы қылғанына көз жұмған конформистер жолы болса, шиға аталған абсолютті зұлымдыққа қарсы үн көтеретін жалғыз әділдік жаршысы, ақиқат іздеушісі ретінде таныстырылады. Әлбетте, мұндай ақ пен қара, біз және олар деген дихотомиялық ойлау революция насихатшысы үшін тиімді құрал болуы мүмкін, алайда ақиқаттан алыс. Ал Г. Жамал, жоғарыда аталған көптеген даулы мәлімдемелеріне қарамастан, шиғалық пен сунниттік бір-біріне қайшы келмейтінін, керісінше, бір-бірін толықтырып тұратынын айтады (Dzhemal' 1999). 3. «Қызыл шиға» концепциясын қайта пайымдап, «Пайғамбарлар революциясы» тұжырымын қалыптастыруы. 4. ХХІ ғасырда кеңінен танымал конспирологиялық теорияларды (әлемдік үкімет) пайдалану арқылы халықты өзіне иландыра білуі (Dzhemal' 1999). 5. Нақты мемлекет, географиялық аймақпен шектелмеуі (Шариати Иранға фокус жасағаны секілді). 6. Шынайы ислам мемлекеті сияқты көпшілік мұсылмандар үшін сезімтал тақырыпты ұтымды пайдалануы.

1	2
Әлсіз тұстары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Діни легитимділіктің жетіспеушілігі. Шариати секілді оның да діни білімінің болмауы, дәстүрлі шиғадан да, дәстүрлі сунниліктен де алшақтығы. 2. Шариати сияқты төңкерістен кейінгі қоғамға ұсынатын нақты идеясы мен саяси курсының жоқтығы. 3. Нақты конфессиялық қатыстылығының болмауы. Суннилер тарапынан шиғаға жақын деп айыпталып, қос тараптан да толық легитимділікке ие бола алмауы. 4. Қарсылық пен наразылықтың саяси билік, режим ретіндегі нақты объектісінің болмауы. Әлемдік үкімет, сахна артындағы үкімет сияқты абстрактілі ұғымдарға басымдық беруі. 5. Субъективті ойларын априори шындық ретінде қабылдауы (Ресей үшін мұсылмандықтың орны, әлем елдерінің мұсылмандық басқару жүйесінен ауытқуы, т.б) (Dzhemal' 1999). 6. Сәлафилік сияқты фундаменталистік, антиисторицистік бағыттарға жақындығы болуы (Laguette 2016: 81).
Мүмкіндіктері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Конфессиялық қатыстылығы жоқ нейтрал солшыл мұсылман идеяларын дамыту. 2. Тиімсіз, әлеуметтік теңсіздікке құрылған қоғамды әшкерелеу. 3. Әлеуметтік теңсіздікке көз жұма қараудағы, оны легитимдеудегі діни лидерлердің теріс рөліне назар аудару. 4. Тиімсіз, жемқор режимді биліктен тайдыру мүмкіндігі.
Қауіп-қатерлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси институттарды толық дискриминациялау. 2. Саяси истэблишментті негізсіз айыптауларға жол ашу. 3. Мемлекеттік құрылымды дестабилизациялау. 4. Діни категорияларды саяси анархияны насихаттауда қолдану, манипуляциялау. 5. Шәһидтікті дәріптеп, сакрализациялау. 6. Зайырлы ел жағдайында дінді саясиландыру. 7. Иран ислам революциясын үлгілі модель ретінде шетелдерге экспорттау.

Әли Шариати мен Гейдар Жамалдың діни-саяси ұстанымдарындағы ұқсастықтар:

- Мұсылмандық солшыл діни-саяси идеологияны жасауға талпыныс;

- Марксизмнен көптеген элементтерді алып, діни категориялармен синтез жасауға талпыну (әлеуметтік теңсіздік, қанау мен таухид, ширк, әділдік және т.б.);

- Ислам дінінің тарихын әділетсіздікпен, таптық қанаушылықпен, әлеуметтік теңсіздікпен күрес тарихы ретінде сипаттау (Джемаль 2021);

- Әли, Хусейн, Фатима сияқты тұлғаларды сакрализациялау арқылы шәһидтік культін дамыту (Shariati 2023a);

- Әлеуметтік әділетсіздікті легитимдеуші күш ретінде діни қайраткерлерді қатаң айыптау, конформистік, саяси инертті діндарлықты қалыптастыруға ниетті деп сынау;

- Ислам діні тек қана діни сенім мен ритуал мен, қоғамдық-саяси өмірді де бағыттаушы платформа ретінде қарастырылады;

- Антибатысшылдық. Батыс елдерін колониализммен, екіжүзділікпен, импершілдікпен айыптау;

- Аумалы-төкпелі кезеңді (Шариати – революцияға дейінгі жылдар наразылығын, Джемаль – Совет одағының ыдырауын) са-

яси идеологиясын тарату мен революцияны ұйымдастыруға пайдалану.

Әли Шариати мен Гейдар Жамалдың діни-саяси ұстанымдарындағы айырмашылықтар:

- Конфессиялық қатыстылық. Әли Шариати өмірінің басынан аяғына дейін шиғалық ортада туып-өсіп, аталған бағыттың өкілі бола отыра өз тұжырымдарын қалыптастырған. Ал Гейдар Жамалдың өмір жолы бұдан сәл өзгеше. Әкесі шиғалар басымдықты құрайтын Әзірбайжаннан шыққан ол шиғалықты да, суннилікті де ұстанбайтынын айтады (Dzhemal' 1999). Дегенмен шиғаға симпатиясы өзінің негізгі аудиториясы суннилерден (Ресей және постсовет елдері мұсылмандары) алшақтатуы ықтимал болғаны себепті, барынша нейтрал болуға тырысқан.

- Нысана. Әли Шариати өз өмірінің басым көпшілігін Иран халқын оятып, шах режимін құлатуға арнаса, Г.Жамалдың мұндай нақты қарсы шыққан режимі болған жоқ. Ол Тәжікстандағы исламистерді қолдағанына қарамастан, Ресей саяси билігіне қарсы революцияны ешқашан насихаттаған емес, тіпті, онымен бірге жұмыс жасауға тырысқан деуге болады. Г. Жамал үндеулерінің негізгі таргеті қандай да бір саяси режим, географиялық аймақ емес, ол – өзінің түсінігіндегі әлемдік үкімет пен шайтан (Dzhemal' 1999).

– Үлгілі моделі. Әли Шариати шиға ресми дін ретінде институттанғанға дейінгі сефевилер кезеңін үлгі, «қызыл шиға» кезеңі ретінде насихаттаса, Г. Жамалдың мұндай нақты моделі жоқ. Ол Иран ислам революциясынан ерекше әсер алып, шабыттанған. Әрі ерекше симпатия білдірген. Тағы да бір қарама-қайшылықты тұсы – Совет Одағының алғашқы кезеңін барынша исламдық мазмұнға сай келеді деп баға берген.

– Әрекетке үндеу. Әли Шариати үндеулерінде жедел қимыл мен шұғыл мақсат тұрса (революция және шах режимін төңкеру), Г. Жамал алдына мұндай мақсат қоймайды. Оның үндеулері қысқамерзімді нәтижеге емес, (өз түсінігіндегі) ағартушылық, саяси белсенділік пен ислам әлемінің саяси салмағын арттыру сияқты ұзақмерзімді мақсаттарға басымдық береді.

Нәтижелер мен талқылау

Аталған ғылыми жұмыс сырт көзге алшақ болып көрінгенімен де, зерттеу нысаны ретінде алынған қос ойшылдың (бірі – шиға, бірі – сәлафилікке жақын, бірі – Иран ислам революциясы идеологы, бірі – Еуразияшыл) саяси идеяларында көптеген ұқсастықтар барлығын, сонымен бірге Жамалдың Шариатидің кейбір тезистерін тікелей қабылдап алғанын, кейіннен трансформациялап, өзге рең бергенін көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта келе, еліміз үшін діни-саяси солшыл идеялардың дамуы мен салдарынан туындаған Иран ислам революциясының бірқатар маңызды сабақтары бар екенін көреміз. Біріншіден, әлеуметтік наразылықтың діннің саясиленуіне алып келіп, қауіпті идеологиялық тенденцияға айналатынын көреміз. 2022 жылы Қаңтар оқиғасын бастан өткерген елімізге бұл үлкен сын-қатер. Әлеуметтік наразылық діни арнаға бұрылып, саясиленген жағдайда, еліміз ауыр сын-қатерлерге тап келуі мүмкін. Екіншіден, елдегі қордаланған мәселелерді шешудегі жергілікті мекемелердің құлықсыздығы мен құзіретсіздігінен діни сананың радикалдануы мен әлеуметтік наразылықты легитимдеуші күшке айналуының қауіптілігі ашып көрсетілді. Үшіншіден, Әли Шариати және Гейдар Жамал сияқты солшыл идеяларға жақын діни қайраткерлердің дінді революцияны легитимдеуші, әрі насихаттаушы күш ретінде пайдалану қаупі сарапқа салынды. Төртіншіден, аталған ойшылдардың әрқайсының діни-саяси идеяларына SWOT-талдау жасалып, артықшылықтары мен кемшіліктері, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері талданды. Бесіншіден, Әли Шариати мен Гейдар Жамал идеяларына салыстырмалы талдау жасалып, ұқсастықтары мен өзгешеліктері көрсетілді.

Әдебиеттер

- Chelnokov, A. (2012, July 2). *Tri bogatyria v forme Vaffen-SS*. Sovershenno sekretno. [http:// www.sovsekretno.ru/articles/id/3197/](http://www.sovsekretno.ru/articles/id/3197/)
- Dugin, A. (1995). *Russkoe Pravoslavie i initsiatsiia*. In Milyi Angel: ezotericheskoe reviu, vol. 2. Moscow: E-book. <http://angel.org.ru/2/pravini.html>
- Dzhemal', G. (2004) *Orientatsiia – islam, ili Nazad v budushchee*. Repr. in Dzhemal, *Osvobozhdenie Islama*. – 3–36pp.
- Esposito J. L. (1988) *Islam and politics*, forth edition: Syracuse University Press. – New York. – 375
- Esposito J. L. (1995) *The Islamic Threat. Myth or Reality?* second edition: Oxford University Press. – New York. – 324
- Laurinavicius, M. (2015, January 9) *Rossii pri Putine: U podnozhiia 'Islamskogo gosudarstva – sledy KGB, FSB i GRU?* Ru. Delfi. <http://ru.delfi.lt/opinions/comments/rossiya-pri-putine-u-podnozhiya-islamskogogosudarstva-sle-dy-kgb-fsb-i-gru.d?id=66820698&page=3>
- Laruelle, M. (2016) *Digital Geopolitics Encapsulated: Geidar Dzhemal between Islamism, Occult Fascism, and Eurasianism*. In *Eurasia 2.0: Russian Geopolitics in the Age of New Media*, edited by Mikhail Suslov, and Mark Bassin, Lanham, MD: Lexington Books. – 81-100.
- Mukhamiatov, R.M. (2008) *Dzhemal', Geidar Dzhakhidovich*. In *Islam v Moskve: Entsiklopedicheskii slovar'*, edited by Damir V. Mukhetdinov, Nizhnii Novgorod: Medina. – 70-71
- Pribylovskii, V. (1998) *Natsional-patrioticheskoe dvizhenie: Istoriia i litsa*. In *Natsionalizm i ksenofobiia v rossiiskom obshchestve*, edited by Aleksandr Verkhovskii, Vladimir Pribylovskii, and Ekaterina Mikhailovskaia. Moscow: Panorama. – 22-103
- Sibgatullina, G., & Kemper, M. (2017). *Between Salafism and Eurasianism: Geidar Dzhemal and the Global Islamic Revolution in Russia*. *Islam and Christian Muslim Relations*, 28(2), 219-236. <https://doi.org/10.1080/09596410.2017.1287485>
- Shariati, A. (2023a) *Red Shi'ism: The Religion of Martyrdom Black Shi'ism: The Religion of Mourning* <http://www.shariati.com/english/redblack.html>

- Shariati, A. (2023b) Jihad & Shahadat (A Discussion of Shahid) <http://www.shariati.com/english/jihadand.html>
- Shariati, A. (2023c) Man and Islam The Free Man and Freedom of the Man <http://www.shariati.com/english/human.html>
- Shariati, A. (2023d) Mission of a Free Thinker <http://www.shariati.com/english/mission/mission1.html>
- Shlapentokh, D. (2007) “Dugin Eurasianism: A Window on the Minds of the Russian Elite or an Intellectual Ploy?”. *Studies in East European Thought* 59 (3), 215-236
- Shlapentokh, D. (2008) “Islam and Orthodox Russia: From Eurasianism to Islamism.” *Communist and Post-Communist Studies* 41. – 27-46
- Witzler, R. (2010) Ali Shariati: Red Shiism and Revolution in Iran. 2010. Religious Studies Honors Projects. Paper 8. – 39
- Армстронг К. (2020) Битва за бога: история фундаментализма. – Альпина Альпина нон-фикшн. – 534
- Двамал (2012, сентябрь 7). *Шаповалов Леонид Емельянович (1902-1955)* <http://nd.m-necropol.ru/shapovalov-le.html>
- Джемаль [и др.] – под ред. Г.Д. Джемалья. (2021) – ЛитРес: Самиздат. Исламская интеллектуальная инициатива в XX веке: сборник статей / Г.Д. – 474
- Леско М. (2009, март 19) *Гейдар Джемаль: предвестник Абсолюта*. NewsLookMedia. <http://www.newlookmedia.ru/?p=1174>
- Тасболат А (2020) Философиялык және қоғамдық-гуманитарлық журнал. Адам әлемі. 3.(8).2020 – 1686. // Қазіргі ислам ой-танымы: тарихы мен басты парадигмалары. – 90-98
- Челноков, А. (1997) *Мелкие и крупные бесы из шизоидного подполья*. LiveJournal. <https://chelnokov-ac.livejournal.com/7987.html>

References

- Armstrong, K. (2020). Bitva za boga: istoriia fundamentalizma. [The Battle for God] – Alpina non-fiction. – 534. (In Russian)
- Chelnokov, A. (1997). Melkiie i krupniie besy iz shizoidnovo podpoliia. [Small and Large Demons from the Schizoid Underground]. Retrieved from <https://chelnokov-ac.livejournal.com/7987.html> (In Russian)
- Chelnokov, A. (2012). “Tri bogatyria v forme Vaffen-SS.” [Three Heroes in Waffen-SS Uniform]. *Sovershenno sekretno*, 2 July. Retrieved from <http://www.sovsekretno.ru/articles/id/3197/> (In Russian)
- Dugin, A. (1995). “Russkoe Pravoslavie i initsiatsiia.” [Russian Orthodoxy and Initiation]. In *Milyi Angel: ezotericheskoe reviu*, vol. 2. Moscow: E-book. Retrieved from <http://angel.org.ru/2/pravini.html> (Russian)
- Dvamal (2012). Shapavalov Leonid Emelianovich (1902-1955) [Shapavalov Leonid Emelianovich (1902-1955)]. Retrieved from <http://nd.m-necropol.ru/shapovalov-le.html> (In Russian)
- Dzhemal’, G. (2004). “Orientatsiia – islam, ili Nazad v budushchee.” [Orientation – Islam or Back to the Future]. Repr. in *Dzhemal, Osvobozhdenie Islama*. – 3–36pp. (In Russian)
- Dzhemal (2021). *Islamskaia intellektualnaia initsiativa v XX veke: sbornik statei* [Islamic Intellectual Initiative in the 20th Century: Collected Articles]. – LitRes: Samizdat. – 474. (In Russian)
- Esposito, J. L. (1988). *Islam and politics*, fourth edition: Syracuse University Press. – New York. – 375. (In English)
- Esposito, J. L. (1995). *The Islamic Threat. Myth or Reality?* second edition: Oxford University Press. – New York. – 324. (In English)
- Laurinavicius, M. (2015). “Rossiia pri Putine: U podnozhiia ‘Islamskogo gosudarstva’ – sledy KGB, FSB i GRU?” [Russia under Putin: Traces of the KGB, FSB, and GRU at the Foundation of the ‘Islamic State’]. *Ru.Delfi*, January 9. Retrieved from <http://ru.delfi.lt/opinions/comments/rossiya-pri-putine-u-podnozhiya-islamskogogosudarstva-sledy-kgb-fsb-i-gru.d?id=66820698&page=3> (In Russian)
- Laruelle, M. (2016). “Digital Geopolitics Encapsulated: Geidar Dzhemal between Islamism, Occult Fascism, and Eurasianism.” In *Eurasia 2.0: Russian Geopolitics in the Age of New Media*, edited by Mikhail Suslov and Mark Bassin, Lanham, MD: Lexington Books. – 81-100. (In English)
- Lesko M. (2009). *Geydar Dzhemal: predvestnik Absoliuta* [Geidar Dzhemal: Harbinger of the Absolute]. *Noviy vzgliad*. 19.03.2009. - №03. Retrieved from <http://www.newlookmedia.ru/?p=1174> (In Russian)
- Mukhamiatov, R.M. (2008). “Dzhemal’, Geidar Dzhakhidovich.” [Dzhemal, Geidar Dzhakhidovich]. In *Islam v Moskve: Entsiklopedicheskii slovar* [Islam in Moscow: Encyclopedic Dictionary], edited by Damir V. Mukhetdinov, Nizhnii Novgorod: Medina. – 70-71. (In Russian)
- Pribylovskii, V. (1998). “Natsional-patrioticheskoe dvizhenie: Istoriia i litsa.” [National-Patriotic Movement: History and Personalities]. In *Natsionalizm i ksenofobiia v rossiiskom obschestve* [Nationalism and Xenophobia in Russian Society], edited by Aleksandr Verkhovskii, Vladimir Pribylovskii, and Ekaterina Mikhailovskaia. Moscow: Panorama. – 22-103. (In Russian)
- Sibgatullina, G., & Kemper, M. (2017). Between Salafism and Eurasianism: Geidar Dzhemal and the Global Islamic Revolution in Russia. *Islam and Christian Muslim Relations*, 28(2), 219-236. <https://doi.org/10.1080/09596410.2017.1287485> (In English)
- Shariati, A. (2023a). *Red Shi’ism: The Religion of Martyrdom Black Shi’ism: The Religion of Mourning*. Retrieved from <http://www.shariati.com/english/redblack.html> (In English)
- Shariati, A. (2023b). *Jihad & Shahadat (A Discussion of Shahid)*. Retrieved from <http://www.shariati.com/english/jihadand.html> (In English)
- Shariati, A. (2023c). *Man and Islam The Free Man and Freedom of the Man*. Retrieved from <http://www.shariati.com/english/human.html> (In English)

Shariati, A. (2023d). Mission of a Free Thinker. Retrieved from <http://www.shariati.com/english/mission/mission1.html> (In English)

Shlapentokh, D. (2007). “Dugin Eurasianism: A Window on the Minds of the Russian Elite or an Intellectual Ploy?”. *Studies in East European Thought*, 59(3), 215-236. In (English)

Shlapentokh, D. (2008). “Islam and Orthodox Russia: From Eurasianism to Islamism.” *Communist and Post-Communist Studies*, 41. – 27-46. (In English)

Tasbolat, A (2020). *Filosofialyq zhane qogamdyq-gumanitarlyq jurnal. Adam alemi. 3.(8).2020 // Qazirgi islam oi-tanyimi: tarihy men basty paradigmalary [Contemporary Islamic Thought and Basic Paradigms]. – 90-98. (In Kazakh)*

Witzler, R. (2010). *Ali Shariati: Red Shiism and Revolution in Iran. 2010. Religious Studies Honors Projects. Paper 8. – 39. (In English)*